Одним из направлений воспитательной работы общественных формирований является патриотическое воспитание и формирование культуры межнациональных отношений сотрудников, так как оно направлено на развитие личности, обладающей важнейшими качествами

гражданина-патриота, ответственного за судьбу страны и способного уважать представителей других наций и народов.

Содержание воспитательной работы, ее особенности зависят от тех лиц, с которыми она проводится. Разобраться, в чем суть индивидуальности каждого сотрудника и, исходя из этого, определить формы работы с ним могут помочь общественные формирования, которые состоят из коллег и зачастую знают своих сослуживцев очень близко. При этом особое значение имеет уровень организации работы общественных формирований, способность их членов помочь тому, у кого трудности по службе, дать принципиальную оценку товарищу, оказать помощь оступившемуся.

Особую роль в патриотическом воспитании сотрудников внутренних дел играет Совет ветеранов. С его помощью организуется патриотическое воспитание сотрудников, пропаганда и внедрение передового опыта в деятельности личного состава, работа с населением и средствами массовой информации.

Богатый жизненный и служебный опыт ветеранов используется для усиления воспитательной работы с личным составом в различных формах: встреч с молодыми сотрудниками и слушателями, лекций, бесед, тематических вечеров, вечеров-портретов, проведения экскурсий по музеям и комнатам боевой славы, участия в торжественных ритуалах и др.

В заключение еще раз подчеркнем, что в патриотическом воспитании сотрудников органов внутренних дел должны быть использованы все силы и средства органов внутренних дел, в том числе общественные формирования ОВД, вобравшие в себя традиции, накопленные в органах внутренних дел за годы становления, так как без грамотного и умелого использования их возможностей воспитать сотрудника-патриота невозможно.

---

<sup>1</sup> Кунгожинов С. Пути повышения правовой культуры работников органов внутренних дел // Фемида. — 2002. — № 6. — С. 52-61.

<sup>2</sup> Приказ МВД РК «Об утверждении Методического пособия по организационно-правовым основам воспитательной работы в органах внутренних дел № 564 от 26 июня 2015 г. // Специальная библиотека Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова.

<sup>3</sup> Закон Республики Казахстан «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» от 23 апреля 2014 г. № 199-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.08.2015 г.) <http://online.zakon.kz/>

<sup>4</sup> Приказ МВД РК «Об утверждении Положения о полицейских формированиях органов внутренних дел Республики Казахстан» № 44 от 21.01.2014 г. // Специальная библиотека Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова.

#### **ТҮЙІН**

Бұл мақалада патриоттық білім беру Ішкі істер органдары қоғамдық ұйымдардың ролі туралы ағымдағы сұрақтар қарастырылады.

#### **RESUME**

This article explores current issues of the role of public organizations of the Interior in the patriotic education.

**Ә. М. Майтанов**, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық процесс кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, полиция полковнигі;

**Н. Т. Саханова**, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі

### **ТҰРҒЫН ЖАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША АНЫҚТАУҒА ЖАТАТЫН НЕГІЗГІ МӘН-ЖАЙЛАР**

*Аннотация. Мақалада тұрғын жай қарым-қатынастары саласындағы алаяқтық туралы істер бойынша анықтауға жататын негізгі мән-жайлар қарастырылған.*

*Түйін сөздер: алаяқтық, меншік, тергеуші, анықтаушы, қылмыстық құқық бұзушылық, мүлік, зиян, жымқыру, қылмыстық істер.*

Тұрғын жай саласындағы алаяқтық меншікке қарсы басқа құқыққа қарсы әрекеттерге қарағанда күрделі қылмыс құрамы болып табылады, бұл тергеу және сот практикасында жиі қателіктерге әкеп соғады. Сондықтан жылжымайтын тұрғын жаймен байланысты алаяқтыққа қатысты қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеуге кіріспес бұрын тергеуші (анықтаушы) осы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасымен толық танысу керек.

Бір қарағанда жымқыру түрлерінің бірі ретінде алаяқтықта осы құқыққа қарсы әрекет түрінің барлық қажетті белгілері бар екенін атап өту керек. Бұл әрекет немесе әрекетсіздік, қоғамдық қауіпті салдардың туындауы және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыс сияқты объективтік жақтың міндетті белгілері. Жасау тәсілі — бұл алдау немесе сенімді теріс пайдалану. Объективтік жақтың өзге де элементтерін факультативтік элементтерге жатқызуға болады. Олар біліктілікке әсер етеді, қылмыстық істі тергеу барысында анықтау, бекіту және белгілеу үшін қажет. Алаяқтыққа жалпы жымқыру ұғымының барлық белгілері тән. Осыған байланысты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының теориялық құрылымын зерделеп алу керек, бұл тұрғын жай саласындағы алаяқтықтың тағайындалған теорияларының орнын және осы зерттеуде қаралатын объектілерінің белгілерін, объективтік және субъективтік жақтарын түсініп, көрнекі көрсетуге мүмкіндік береді. Жылжымайтын тұрғын жаймен байланысты алаяқтықты тергеу кезінде анықтауға жататын мән-жайлар туралы мәселені қарауды қалыптасқан дәстүр бойынша зерттелетін қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін зерделеуден бастау керек.

Қылмыс объектісі — бұл қылмыстық құқық бұзушылық зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар.

Осы мәселеге қатысты И. Ш. Борчашвили қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі меншік құқығы болып табылады деп есептейді. Талданып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың нысаны бөтен мүлік болып табылады. Сонымен қатар мүлік қана емес, мүлік құқығы да алаяқтықтың нысаны болып табылады<sup>1</sup>.

Алаяқтықтың нысаны басқа жымқыру түрлерімен салыстырғанда ерекшелік өзгешелікке ие. Қазақстан Республикасы ҚК 190-бабының диспозициясында бөтен мүлікті жымқыру туралы айтылған, бұл материалдық әлем нысандары үшін тән, бірақ бұған қосымша заң шығарушы бөтен мүлікке құқық алу жауапкершілігін қарастырады. Жылжитын және жылжымайтын мүлік бар. Соңғысын өзіңмен бірге алып кетуге болмайды. Пәтер, үй, жер телімі қылмыстық құқық бұзушылық нысанының белгілері тұрғысынан нақты ерекшелікке ие. Сондықтан заң шығарушы жылжымайтын мүлік объектісіне қатысты осы қылмыстық құқық бұзушылық нысанын осылайша тұжырымдайды.

И. Ш. Борчашвилідің пікірінше, мүлікті, оның ішінде ақшаны алу құқығын беретін құжаттар алаяқтық нысаны бола алады. Оларға нақты мүліктік құқықтары бар құжаттар жатады, тек осындай құжатты ұсынып қана бұл құқықты іске асыруға болады. Мұндай

құжаттарға ие болу материалдық құндылықтардың өзін иемденумен тең. Мүліктің құқықтық жағына келетін болсақ, алаяқтық нысаны кінәлі адамның меншік құқығына жатпайтын мүлік немесе мүлікке құқық болуы мүмкін. Бұл ретте соңғысының не нақты, не болжалды осы мүлікті өз меншігі сияқты иелену құқығы жоқ, себебі бұл мүлік басқа адамның меншік құқығында<sup>2</sup>.

Қылмыстық құқық нысанын, яғни түпнұсқалық немесе жалған құқық белгілейтін құжаттарды анықтау және табу анықтауға жататын мән-жайлар болып табылады, осы құжаттар негізінде жылжымайтын тұрғын жайға меншік құқығы заңсыз қаскүнемдердің қолына өтеді.

Қылмыстық құқық ғылымында алаяқтық жымқыру түрі болып табылады деген бірыңғай ой дәстүрлі түрде қалыптасқан. Алайда кейбір ғалымдар алаяқтық әрекеттер арқылы жасалған бөтен мүлікке құқықты алып қоюды жымқыру түрі деп санамайды.

Қылмыстық құқық ғылымында «жымқыру» термині жиі екі мағынада қолданылады. Біріншіден, жалпы түрде, кез келген жымқыру нысаны мен түрін сипаттайтын заң санаты ретінде. Екіншіден, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың нақты тәсілін білдіреді.

С. И. Ожеговтің орыс тілі сөздігінде жымқыру — бұл «ұрлық, мүлікті (мемлекеттік, қоғамдық) қылмыстық иемдену» деп түсіндірілген. Өз кезегінде келтірілген тұжырым бойынша иемдену дегеніміз қолға түсіру, өз меншігіне өз бетінше алып қою, өзінің мүлкі сияқты көрсету дегенді білдіреді. Сөйтіп, жымқыру ұғымына мынадай лингвистикалық түсінік беруге болады: жымқыру — бұл бөтен мүлікті құқыққа қарсы (заңсыз) өз бетінше алып қою немесе өз пайдасына айналдыру<sup>3</sup>.

Алайда заң шығарушы жымқыру ұғымына өз түсінігін береді, яғни жымқыру — бұл бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру деп түсіндіріледі. Сонымен, заң шығарушы мынадай жымқыру белгілерін анықтайды деген қорытынды жасауға болады:

- пайдакүнемдік мақсат;
- құқыққа қарсылық;
- өтеусіздік;
- бөтен мүлікті өзінің немесе басқа адамдардың пайдасына алып қою және (немесе) айналдыру;
- ұрланған мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіру.

«Бөтен мүлікті өзінің немесе басқа адамдардың пайдасына алып қою және (немесе) айналдыруға» қатысты белгі қызығушылық тудырады. «Алып қою» дегеніміз не? С. И. Ожегов мынадай түсінік береді: «Алып қою — бір нәрседен шығару, бір нәрседен бас тарту». Өз кезегінде «Алу – шығару, алып тастау, сондай-ақ жалпы алғанда шығарып жіберу, суырып алу» (Банкноттарды айналымнан алып тастау. Саудадан алып тастау. Жарақаттан сынықты алып тастау)<sup>4</sup>. 1903 жылдың өзінде профессор Н. С. Таганцев қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының проблемасын талдай отырып, «алып қоюды» келесідей түсіндірді: «...Жымқыру затқа меншік құқығын бұзуды ғана емес, оны нақты иемденуді білдіреді. Біреудің иелігінен затты алып қою жәбірленушінің нақты иелігін бұзуды және иесінің шын еркіне қарсы кінәлі адамның пайдасына жаңа иелену орнын құруды білдіреді. Бар иелікті иемдену арқылы бұзылған сол бір әрекет жаңа иеліктің туындауына себеп болады. Ұрлап алу мүліктік құндылықты жәбірленушінің иелігінен кінәлі адамның иелігіне алу немесе ауыстыруды білдіреді». Жымқыру кезінде мүлікті алып қою кінәлі адамның өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдырумен, яғни затқа нақты иелікті белгілеумен, «затты билеумен» қоса жүреді<sup>5</sup>.

Заң ғылымдарының докторы, профессор И. Ш. Борчашвилидің пікірінше, мүлікті жымқырған кінәлі адам осы мүлікті өз меншігі сияқты ұстайды, қолданады және иелік етеді, бірақ заң жүзінде меншік иесі болып табылмайды, себебі меншік құқығын қылмыстық жолмен ала алмайды. Сондықтан жымқыру жәбірленушінің ұрланған затқа меншік құқығын

жоғалтқанын білдірмейді. Шамасы жымқыруға заңнама тұрғысында анықтама беру кезінде бөтен мүлікті кінәлі адамның меншігіне емес, оның немесе басқа да адамдардың пайдасына айналдыру туралы айтылғаны осымен түсіндіріледі<sup>6</sup>.

Онда осы тұжырымдаудағы «айналдыру» сөзін қалай түсіну керектігін анықтап алу қажет. С. И. Ожеговтің түсіндірме сөздігіне жүгінейік, онда мынадай түсінік берілген: «айналдыру — айырбастау, айналым процесі, қолданысқа ену (Тауар айналымы. Жаңа сөз қолданысқа енді)»<sup>7</sup>.

Заң әдебиетінде ғалымдар жымқырудың құпия сипатына қатысты әртүрлі көзқарас білдірді. Бір авторлар жәбірленуші мойындамайтын жымқыруды құпия жымқыру деп таниды. Басқалары кінәлі адамның өзі құпия әрекет етіп жатқанына сенімді болу керек деп қосады. Үшіншілері жәбірленуші және оны қорғайтын адам мойындамайтын жымқыруды ұрлық ретінде қарастырады.

Қылмыстық заң, өз кезегінде, құпия жымқыру деп нені түсіну керек екенін ашып айтпайды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Жымқыру туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулының 4-тармағында жымқыру құпия болып табылады ма деген мәселені шешкен кезде соттар оқиғаны кінәлі адамның өзінің қабылдауына қарай шешу керек деп айтады. Егер кінәлі адам айналасындағыларға білдіртпей әрекет еттім деп санаса, онда меншік иесі немесе өзге адам оның әрекеттерін байқап тұрса да, жымқыру ұрлық ретінде саралануы керек.

Алаяқтыққа келетін болсақ, алдау қарастырылып отырған құрамда белсенді нысанға ие болуы мүмкін немесе пассивті тәртіптен көрінуі мүмкін. Белсенді алдау меншік иесіне немесе өзге де мүлік иесіне жалған мәліметтерді хабарлау, жасанды құжаттар ұсыну және аталған адамда мүлікті кінәлі адамның иелігіне ауыстыру негіздері туралы қате пікір туындататын және мүлікті ауыстыруды заңды деп қабылдауын тудыратын өзге де әрекеттер арқылы әдейі жаңылыстырудан тұрады. Пассивті алдау жәбірленушіге оны білу мүлікті иелікке беруден тоқтататын мән-жайлар туралы айтпауды білдіреді.

С. И. Ожегов өзінің сөздігінде алдау «бір нәрсе туралы жалған көзқарас, қателесу» деп жазады. Алдау «жаңылыстыру, біреуге қатысты арамдық жасау... Сөзінде тұрмау» дегенді білдіреді<sup>8</sup>.

Алаяқтық жолмен жасалған жымқыру кезінде мүлікті алуға құқық беретін нақты мән-жайлар туралы жалған мәліметтер айтылып қана қоймайды, иелігінде немесе қарамағында мүлкі бар адамды жаңылыстыру және оны бұл мүлікті кінәлі адамға беру керектігіне сендіру үшін бағытталған алдау әрекеттерімен расталады.

Жымқырудың құпия сипатын анықтау кезінде ең алдымен кінәлі адамның ниетін, яғни оның жымқыруды субъективті қабылдауын нақтылап алу керек. Ұрлық болды деп тану үшін кінәлі адамның жымқыруды құпия жасауға талпынғаны және оның ниетінде бөтен мүлікті иеленудің құпия сипаты болғаны талап етіледі. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, атап айтқанда «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Заңының 28-бабына сәйкес тұрғын үйге меншік құқығы тұрғын үй иесі тұрғын үйді басқа адамның иелігіне берген кезде, меншік иесі қайтыс болған жағдайда не тұрғын үй жойылған (қираған) жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Қаралған қылмыстық істерде меншік иелері тұрғын жайға (пәтерге) меншік құқығын біреудің иелігіне беруге ниетін еш қалай білдірмеген және мүлікпен мұндай мәміле түріне отырғаны туралы білмейтін болды, сәйкесінше қаскүнемдердің әрекеттерін құпия және ұрланатын мүлікке меншік құқығын құпия құқыққа қарсы иеленуге бағытталған әрекеттер деп тануға болады.

Егер қаскүнемнің әрекеттері жәбірленушінің алаяққа мүлкін немесе мүлікке құқығын беру ниетін немесе келісімін алуға бағытталған болса, онда мұндай алдау алаяқтық болып саналу керек.

Заң ғылымдарының докторы, профессор И. Ш. Борчашвилидің ойынша, алдау жәбірленушінің санасына ықпал ету тәсілі, мүлікті иелену заң немесе өзге де құқықтық актілер негізінде оның өзінің мүдделері үшін жүзеге асырылатынына сендіру, иландыру құралы ретінде қаралып отырған алаяқтықтың міндетті шарты болып табылады.

Сонымен қатар, И. Ш. Борчашвили өзінің еңбектерінде құпия жымқыруды саралау үшін мүлікті алу заттың меншік иесіне ғана емес, осы мүлікті күзететін адамдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға білдіртпей жүзеге асырылуы керек деп жазады. Олардың барлығы ұрлық жасалған сәтте жоқ болады не қылмыс жасалған жерде бола тұра, кінәлі адам жасап жатқан әрекеттердің қылмыстық сипатын түсінбейді<sup>9</sup>.

Бұл пікір Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жымқыру туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының 4-тармағының ережелерінен шығады, онда «Жымқыру жоғарыда аталған адамдардың біреуі мүлікті иеленудің өзін көріп, оның қылмыстық сипатын түсінбеген жағдайларда да ұрлық ретінде саралануы керек» делінген.

Кінәлі адам әрекеттерінің қылмыстық сипаты белгілі болғанын білмеген жағдайларда, жасалған жымқыру ұрлық болып қала береді, себебі жымқырушы өзінің қылмыстық құқық бұзушылығының құпия екеніне сеніп, әрекет етуін жалғастырады. Егер жымқыру куәгерлердің көзінше жасалса, оны құпия деп тану үшін бұл адамдар кінәлі адамдар жасап жатқан әрекеттердің қылмыстық сипатын түсінбегенін анықтау керек.

Жәбірленушінің шын қателесіп тұрып, қылмыскерге өз еркімен мүлкін немесе мүлікке құқығын беруі алаяқтықтың объективтік жағының ерекше өзгешелігі болып табылады. Мүліктің осындай ауысуы салдарынан әдетте бұл сырттай тараптардың келісімі, мәміле жасауы сияқты болып көрінеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жымқыру туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысында «Алаяқтық кезінде алдау әдейі жоқ фактілер туралы қасақана жалған сендіруден немесе істің мән-жайы бойынша меншік иесіне немесе мүлік иесіне хабарлануы тиіс фактілерді жасырудан көрінуі мүмкін» делінген.

Алайда пәтерді жымқыру меншік иесінен жасырын болатынын және олардың арасында өзара байланыс болмайтынын еске салған жөн. Сөйтіп, бұл белгі қылмыстық құқық бұзушылық құрамынан шығарылады және қылмыстық әрекетті алаяқтық ретінде саралау туралы мәселені шешу кезінде қарала алмайды.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ұрлықты алаяқтықтан ерекшелетін белгілерді анықтап алу керек және мына жағдайларда:

- 1) біреудің көзінше жасалса;
- 2) жәбірленушінің немесе бөтен адамдардың көзінше, бірақ оларға білдіртпей жасалса;
- 3) мүлікті алып жатқанын көріп тұрған, бірақ жасалып жатқан әрекеттердің сипатын және мәнісін түсінбейтін жоғарыда көрсетілген адамдардың көзінше жасалса;
- 4) қылмыскердің әрекеттерін көріп тұрған, олардың сипатын түсінетін және дұрыс бағалайтын, бірақ өздерін көрсетпеген қандай да бір адамдардың көзінше жасалса, соның арқасында қылмыскер құпия әрекет етіп жатырмын деген сенімде болса;
- 5) қылмыскердің әрекеттерін көріп тұрған, олардың сипатын түсінетін және дұрыс бағалайтын және өзінің қылмысын жасырмайтын, бірақ қылмыскер үшін бөтен емес, оның әрекеттерінің ашықтығы туралы айтуға болатын адамдардың көзінше жасалса жымқыру құпия болып табылатынын көрсету қажет<sup>10</sup>.

Ұрлық кезінде мүлік жәбірленушіден оның еркінен тыс және одан құпия алынады, ал алаяқтық кезінде меншік иесі немесе заңды иесі қылмыскердің алдау немесе сенімді теріс пайдалану нәтижесінде оның жаңылыстыруымен өзі мүлікті қылмыскерге береді. Қылмыстық істерді талдау тұрғын жайға меншік құқығын иеліктен шығару заңды иелердің еркінен тыс жүзеге асырылғанын көрсетті. Тіпті жәбірленушілер, әдетте, қылмыскерлермен мүлдем байланыста болмайды.

<sup>1</sup> Борчашвили И. Ш., Мукашев А. К. Преступления против собственности: Монография. — Астана, 2009. — С. 105.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.



- <sup>3</sup> Бұл да сонда.  
<sup>4</sup> Ожегов С. И. Словарь русского языка: 22-е изд. — М., 1990. — С. 921.  
<sup>5</sup> Таганцев Н. С. Уголовное уложение 22 марта 1903 г. — СПб., 1904. — С. 849.  
<sup>6</sup> Борчашвили И. Ш., Мукашев А. К. Көрсетілген жұмыс. С. 105.  
<sup>7</sup> Ожегов С. И. Көрсетілген жұмыс. С. 921.  
<sup>8</sup> Бұл да сонда.  
<sup>9</sup> Борчашвили И. Ш., Мукашев А. К. Көрсетілген жұмыс. С. 105.  
<sup>10</sup> Бұл да сонда.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены основные обстоятельства, подлежащие установлению по делам о мошенничестве в сфере жилищных отношений.

#### RESUME

The article describes the basic conditions to be established in cases of fraud in the sphere of housing relations.

УДК 343.13

**Нурмаганбетов А. А.**, старший преподаватель кафедры ОРД Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, подполковник полиции;

**Майлыбаева Н. Б.**, старший преподаватель кафедры уголовного процесса Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, подполковник полиции

#### ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ДОСУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА В УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Аннотация.* В статье рассматриваются вопросы определения сущности, значения и форм досудебного расследования, а также состояние научной разработанности процессуальной категории «досудебное расследование».

*Ключевые слова:* уголовное судопроизводство, уголовный процесс, досудебное расследование, досудебное производство, предварительное следствие, дознание, разумный срок.

Концепция правовой политики Республики Казахстан определила пути дальнейшего совершенствования уголовно-процессуального законодательства путем последовательной реализации в конкретных уголовно-процессуальных нормах основополагающих принципов уголовного процесса и дальнейшей гуманизации уголовного судопроизводства, ускорения и упрощения процедур как в досудебных, так и в судебных стадиях и обеспечения реального механизма доступа адвокатов и граждан к соответствующим стадиям правосудия, что должно стать одним из приоритетов уголовного процесса<sup>1</sup>. С принятием в 2014 г. нового УПК РК традиционные формы досудебного расследования подверглись существенной трансформации. Если ранее (по УПК РК 1997 г.) досудебное производство осуществлялось в трех формах: предварительное следствие (основное производство), дознание (сокращенное производство), упрощенное досудебное производство (особое производство)<sup>2</sup>, то в соответствии с ч. 1 ст. 189 УПК РК 2014 г., досудебное расследование производится в форме дознания, предварительного следствия и протокольной форме.

Кроме того, в новом УПК РК была подвергнута унификации процессуальная форма дознания и предварительного следствия посредством ограничения их полномочий до уровня подозрения (гл. 25), завершающегося единым для обеих форм итоговым решением обвинительным актом (гл. 38).

В результате в новом УПК РК было усилено значение принципа презумпции невиновности (ст. 19) в досудебном расследовании, поскольку основным его элементом выступает положение о невиновности лица, пока судом не будет доказано обратное. Поэтому подозреваемый обретает статус обвиняемого только после утверждения прокурором как государственным

обвинителем обвинительного акта (п. 1 ч. 1 ст. 302 УПК РК) и последующего предания им обвиняемого суду (ст. 305 УПК РК). Тем самым прокурор берет на себя бремя доказывания вины обвиняемого в результате осуществления своего права на обращение и поддержание обвинения в суде<sup>3</sup>.

Внесены изменения и в порядок исчисления сроков досудебного расследования, которое должно быть закончено в разумный срок с учетом сложности уголовного дела, объема следственных действий и достаточности исследования обстоятельств дела, но не более срока давности уголовного преследования (ч. 1 ст. 192 УПК РК). Общая продолжительность «разумного срока предварительного следствия» ограничивается двумя месяцами с возможностью последующего продления (ч. 2 ст. 192 УПК РК).

В этой связи актуальность исследуемой тематики не потеряла своего значения, поскольку существенные изменения форм досудебной деятельности в казахстанском уголовном процессе затронули само существо данного вида государственной деятельности, важнейшие права и интересы граждан, вовлеченных в судопроизводство, что, в свою очередь, требует научного осмысления новелл законодательства, анализа практики правоприменения и выработки теоретически обоснованных рекомендаций и предложений по его совершенствованию.

Уголовное судопроизводство (уголовный процесс) представляет собой одно из направлений реализации государственной власти, специфика которого обусловлена необходимостью защиты граждан, общества и государства от преступлений как наиболее общественно опасного вида правонарушений. В системе государственного противодействия преступности уголовное судопроизводство имеет приоритетное значение, поскольку признавать лицо виновным в совершении преступления и назначать ему наказание возможно лишь в результате законно проведенного расследования и судебного разбирательства при строгом соблюдении надлежащей правовой процедуры.

Понятия «уголовное судопроизводство» и «уголовный процесс» тождественны, хотя буквально судопроизводство означает производство в суде, а УПК РК устанавливает процессуальные нормы, регулирующие деятельность не только суда, но и органов дознания, органов предварительного следствия, прокурора.

В юридической литературе уголовное судопроизводство (уголовный процесс) трактуется по-разному. Авторы акцентируют внимание на тех или иных чертах данной дефиниции. Так, М. А. Чельцовым уголовный процесс определяется только как деятельность суда, прокуратуры, следствия и дознания. Процессуальные отношения не только не включаются в определение, но и прямо утверждается, что они в уголовном процессе не играют существенной роли. При таком понимании уголовного процесса его участники, на которых распространяется деятельность ведущих уголовный процесс органов и должностных лиц и к которым применяются принудительные меры, выступают в качестве объектов односторонних властных полномочий, а не в качестве субъектов права, осуществляющих свои права и выполняющих свои обязанности<sup>4</sup>.

Однако чаще всего в определение отечественного уголовного процесса включают три элемента: 1) деятельность (систему упорядоченных действий) органов предварительного расследования, прокурора, суда и других участников уголовного судопроизводства; 2) правоотношения этих органов и должностных лиц как друг с другом, так и с участвующими в деле лицами; 3) обязательную правовую регламентацию деятельности и возникающих на ее основе правоотношений.

Исходя из сказанного, по мнению С. К. Журсимбаева, уголовное судопроизводство (уголовный процесс) — это деятельность уполномоченных государственных органов и должностных лиц, урегулированная нормами уголовно-процессуального закона, которая направлена на обнаружение и раскрытие преступлений, изобличение и наказание лиц, их совершивших, а также уголовно-процессуальные правоотношения, возникающие в ходе предварительного расследования и судебного рассмотрения уголовного дела. Именно с помощью уголовного судопроизводства разрешаются уголовно-правовые споры между государством и гражданином, между стороной обвинения и стороной защиты<sup>5</sup>.

Между тем, в последние годы уголовное судопроизводство Республики Казахстан часто подвергалось резкой критике и в специальной литературе, и в средствах массовой информации как чрезмерно громоздкое и затратное, не содержащее реальных механизмов, которые обеспечивали бы правильное разрешение дела, препятствовали произволу со стороны должностных лиц правоохранительных органов. Однако указанные проблемы во многом связаны не только с формами уголовно-процессуальной деятельности, но и с тем, что в эти годы активно шел процесс подготовки нового законодательства, ученые и практики проявляли особенно пристальный интерес к вопросам, связанным с процессуальной формой деятельности органов предварительного расследования. Результатом указанной деятельности и стало реформирование досудебного расследования. Традиционные формы досудебного расследования подверглись существенной трансформации.

В заключение хотелось бы отметить, что причиной таких изменений послужили следующие обстоятельства:

- во-первых, изменение уголовно-правовой политики Республики Казахстан и введение в Уголовный кодекс нового понятия «правонарушение», подразделяемого, в зависимости от степени общественной опасности, на «преступление» и «уголовный проступок»;

- во-вторых, ускорение уголовно-процессуальных процедур в целях максимального приближения момента совершения правонарушения к моменту назначения наказания, с одной стороны, и создание дополнительных гарантий соблюдения прав личности — с другой;

- в-третьих, отказ от стадии возбуждения уголовного дела в уголовном процессе и начало досудебного расследования с момента регистрации в ЕРДР или с момента первого неотложного следственного действия.

В результате появилась новая форма досудебного расследования — протокольная форма, предусмотренная только для уголовного проступка, а необходимость в упрощенном досудебном производстве, проводимом до возбуждения уголовного дела, отпала.

<sup>1</sup> Концепция правовой политики Республики Казахстан, утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 г. № 758 // Казахстанская правда. 2009. 27 авг.

<sup>2</sup> Хан А. Л. Формы и виды предварительного расследования в условиях реформирования уголовного процесса в РК // Актуальные проблемы современности: Международный научный журнал. — 2011. — № 6 (71). — С. 62.

<sup>3</sup> Владимиров Л. Е. Учение об уголовных доказательствах. — СПб., 1910. — С. 132, 137.

<sup>4</sup> Чельцов М. А. Уголовный процесс в РФ. — М., 2005. — С. 57.

<sup>5</sup> Журсимбаев С. К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть. Досудебное производство: Учебн. — Алматы, 2011. — С. 6.

#### ТҮЙІН

Мақалада сотқа дейінгі тергеп тексерудің мәнін, маңыздылығын және нысанын анықтаудың, сондай-ақ «сотқа дейінгі тергеп тексеру» процестік санатының ғылыми өнделуінің күйін анықтаудың мәселелері қарастырылады.

#### RESUME

In this article the questions is to determine the essence, meaning and form of pre-trial investigation, as well as in determining the status of scientific elaboration of procedural category «pre-investigation».

**М. Нурмаханбет**, Орталық Қазақстан академиясының магистранты;

**М. Б. Исаков**, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ қылмыстарды тергеу мәселелерін зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері

### **Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің түсінігі және маңызы**

*Аннотация.* Мақалада дәлелдемелердің ұғымы, маңызы және жедел-іздіксіздік мәліметтерінен айырмашылығы айқындалады.

*Түйін сөздер:* дәлелдемелерді жинау, тергеуші, прокурор, қылмыс жасалған жерде, қылмыскер, жәбірленуші, маманның қорытындысы, жедел-іздіксіздік шаралары.

Тергеу жүргізетін органдардың міндеті — қылмысты ашу, дәлелдемелерді жинау, баянды ету, зерттеу және бағалау жолымен қылмыс жасаған адамдарды анықтау. Сонымен бірге тергеуші іс бойынша барлық мән-жайды зерттеп анықтауға міндетті, тергеу жүргізіліп жатқан қылмыстық іс бойынша істің материалдарына негізделген жорамалдарды, қылмыс жасалуының мән-жайын, қылмыс жасаған адамдарды анықтау, сол адамдардың қылмыс жасау себептері туралы мәліметтерді тексеруге міндетті.

Анықтама органдары, тергеушілер, прокурорлар мен сот органдары қылмыстық істің мән-жайын анықтау үшін дәлелдемелерді қолданады.

Тергеуші немесе анықтамашы дәлелдемелерді алдын ала тергеу әрекеттерін жүргізгенде ғана табады, яғни қылмыс болған жерді қарағанда, тінту жүргізген кезде, жауап алған уақытта, тағы басқа тергеу әрекеттерін жүргізген кезде.

Мысалы, тергеуші қылмыс болған жерде пышақ тауып алды делік. Осы табылған пышақ іс бойынша дәлелдеме болу үшін басқа фактілерді дәлелдеуі тиіс. Ол фактілер мынандай: табылған пышақ кімдікі, яғни пышақтың иесін табу керек, қылмыс жасау барысында пышақ қолданылды ма, жоқ па, әлде қылмыскер тергеуді шатастыру үшін қылмыс болған жерге пышақты әдейі тастап кетті ме? Басқаша айтқанда, пышақ қылмыс жасалған жерде табылды деген факт ешкімге күмән келтірмейді, ал пышақтың қылмыспен байланысы бар ма, жоқ па деген сұрақты дәлелдеу керек.

Сонымен дәлелдеме не деген сұрақ туады? Дәлелдеме түсінігі заңда көрсетілген.

ҚДЖК-нің 111-бабына сәйкес заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот ҚДЖК-інде айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екендігін немесе жоқ екендігін, күдіктінің, айыпталушының не сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер, іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің (Қорғалуға құқығы бар куә — егер адам қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда және хабарда оны жасаған адам ретінде көрсетілсе не қылмыстық процеске қатысатын куә оған қарсы айғақ берсе, бірақ мұндай адамға процестік ұстап алу қолданылмаса), сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылмаса, онда ол қорғалуға құқысы бар куә мәртебесін алады.

Осы түсініктен байқап отырсаңыздар қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің көзі ретінде жедел-іздіксіздік шаралары көрсетілмеген.

Жедел-іздіксіздік шараларынан алдын ала тергеу әрекеттерінен айырмашылығы мынандай:

1. Қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттері ҚДЖК-і бойынша жүргізіледі, ал жедел іздіксіздік шаралары 1994 жылғы 15 қыркүйекте қабылданған «Жедел-іздіксіздік қызметі

туралы» Қазақстан Республикасы заңы бойынша және осы айтылған Заң негізінде қабылданған ПМ-нің бұйрықтарымен, нұсқауларымен бекітілген тәртіп бойынша жүргізіледі.

2. Қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу нәтижесінде біз дәлелдемелер, ал жедел-іздістіру шараларын жүргізу нәтижесінде біз тек қана қажетті мәліметтер жинаймыз. Жедел іздістіру нәтижесінде анықталған мәліметтер қылмыстық іс бойынша дәлелдеме бола алмайды. Ондай мәліметтер дәлелдеме болу үшін қылмыстық іс жүргізу заңында белгіленген тәртіп бойынша анықталуы қажет. ҚІЖК-нің 120-бабының 2-бөлігіне сәйкес «Жедел-іздістіру қызметы туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптары сақтала отырып алынған, құқыққа қайшы әрекеттер туралы нақты деректер тіркелген материалдар құжаттар болып табылады және олар қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3. Жедел іздістіру жұмыстарын тергеуші жүргізбейді, оны жүргізетін жедел-іздістіру бөлімінің төтенше уәкілі. Ал қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін тек қана тергеушілер жүргізеді.

4. Тергеу әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың сотқа тіркелгеннен соң жүргізіледі, ал жедел-іздістіру шаралары қылмыстың іс қозғалмай тұрып та, тергеу жүріп жатқанда да, тергеу аяқталып үкім шыққан кейін де жүргізіле береді.

5. Тергеушілердің және жедел-іздістіру жұмыстарын жүргізетін адамдардың қолданатын құралдар мен тәсілдерінің бір-біріне сәйкес келмеуі.

Тергеуші қылмыстық іс жүргізу кодексіне сүйене отырып жұмыс жасайды (жауап алады, тінтеді, қамауға алады, т. б. тергеу әрекеттерін жүргізеді).

Анықтама жүргізуші адам, тергеуші, прокурор және сот өздері жүргізіп отырған істер бойынша ҚІЖК-інде белгіленген тәртіппен куә, жәбірленуші ретінде жауап алу үшін, сараптама жүргізу үшін қандай адамды болса да шақырып алуға, іс бойынша қажетті нақты деректерді анықтауға көмегі тиетін заттарды, құжаттарды, сондай-ақ кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан, лауазымды адамдардан, азаматтардан мәліметтер талап етуге құқылы.

Анықтама жүргізуші адам, тергеуші, прокурор және сот іс бойынша жинап алынған барлық дәлелдемелерді толық, жан-жақты, объективті түрде тексеруге тиіс.

Қорыта айтқанда анықталған деректер іс бойынша дәлелдеме болу үшін, оларға мынандай талаптар қойылады:

1. Іс жүзіндегі деректер қылмыстық іске байланысты болуы қажет, қылмыстық іс бойынша мән-жайды дәлелдеу керек. Мысалы, кісі өлтіруді тексеріп жатқанда, біреу басқа адамның ұрлығы туралы айтса, ол мәліметтер іске қатысты бола алмайды.

Егер дәлелдеме іс үшін маңызы бар мән-жайдың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танымады (125-баптың 3-бөлігі).

2. Іс жүзіндегі деректер іс бойынша дәлелдеме болу үшін ҚІЖК-де көрсетілген тәртіп бойынша анықталуы тиіс. Мысалы, куәдан жауап алу, тінту жүргізу, зат алу және т. б. Іс үшін маңызы бар мәліметтер тергеу әрекеттерін (тергеу жұмыстарын) жүргізу нәтижесінде табылуы тиіс. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 125-бабының 4-бөлігіне сәйкес «егер дәлелдеме ҚІЖК-де белгіленген тәртіппен алынса, ол жол берілетін, яғни рұқсат етілген деп танылады».

3. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болатын деректер ҚІЖК-нің 111-бабының 2-бөлігінде көрсетілген дәлелдемелер көзінен алынуы қажет, сонда ғана олар рұқсат етілген және дұрыс деп танылады (125-баптың 4-бөлігі). Шындыққа сәйкес келсе дәлелдемелер дұрыс деп танылады (125-баптың 5-бөлігі).

Мысалы, із кезуші ит қолдану нәтижесінде табылған деректер, жедел-іздістіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде анықталған деректер, ҚІЖК-де көрсетілген дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді, бағалауды реттейтін тәртіпке сәйкес келмейінше, іс бойынша дәлелдеме бола алмайды.

Дәлелдеуге жататын мән-жайлардың барлығын және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін іске қатысты, рұқсат етілген және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады (125-баптың 6-бөлігі).

Өткен ғасырдың 30-40 жылдары айыпталушының өз кінәсін мойындауы «дәлелдемелер патшасы» делінген еді. Ескі заң бойынша, егер айыпталушы осы қылмысты мен жасадым десе болды, тергеу органдары мен сот басқа дәлелдемелер жинаудан босатылатын еді, сот өзінің үкімін шығара беретін.

Сонымен бірге сарапшыны «ғылыми төреші — судья» деп санауға болмайды, оның берген қорытындысын тексеру қажет.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтайтын заңды түрде алынған деректер іс бойынша дәлелдемелер деп танылады.

Қорыта айтқанда анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот ҚІЖК-де белгіленген тәртіп бойынша, заңды түрде алынған деректер негізінде, мынандай жағдайларды анықтайды:

- 1) Қазақстан Республикасының ҚК-де көрсетілген іс-әрекеттердің болғандығын немесе болмағандығын;
- 2) айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын;
- 3) айыпталушының кінәлілігін немесе кінәлі емес екендігін;
- 4) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтайды.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье определяется понятие и значение доказательств и их отличие от оперативно-розыскных данных.

### **RESUME**

In the article a concept and value of proofs and their difference are determined from operatively-search data.

УДК 343.2/.7

*Пенчуков Е. В., старший научный сотрудник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность ОВД, НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, кандидат юридических наук, майор полиции*

### **О РЕАЛИЗАЦИИ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В НОРМАХ НОВОГО УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА (НА ПРИМЕРЕ НОРМ, УСТАНОВЛИВАЮЩИХ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ПОСЯГАТЕЛЬСТВА НА ЛИЧНОСТЬ)**

*Аннотация. В статье рассматриваются вопросы реализации международно-правовых обязательств Республики Казахстан в нормах нового Уголовного кодекса Республики Казахстан, предусматривающих ответственность за посягательства на личность. Автором проведен соответствующий правовой анализ, сделаны конструктивные выводы.*

*Ключевые слова: уголовное право, международное право, международно-правовые обязательства, посягательства на личность, клонирование человека, уголовный проступок, организованная преступность, преступная группа.*

Главенство международного права — один из основных принципов формирования и функционирования национальных правовых систем всех демократических и светских государств.

Республика Казахстан в данном случае не стала исключением. Тенденция перехода Казахстана к международным стандартам в правовой политике установилась с обретением государственного суверенитета и всегда являлась приоритетной в развитии национальной системы права. В последнее десятилетие международно-правовая деятельность Казахстана еще более активизировалась.

Следование общепринятым принципам и нормам международного права, а также приоритет юридической силы международно-правовых норм, вытекающих из международных обязательств Республики Казахстан, закреплены на высшем законодательном уровне (п. 3 ст. 4, ст. 8 Конституции Республики Казахстан). Данные конституционные положения нашли также отражение в ч. ч. 2, 3 ст. 1 нового Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее — УК).

Важной особенностью уголовного права является то, что международные правовые принципы и нормы, касающиеся уголовных правоотношений, реализуются в правовом поле Республики Казахстан (имплементируются) только посредством их закрепления в УК<sup>1</sup>. Так, в Уголовный кодекс Республики Казахстан 1997 г. за период его действия было внесено более 30 поправок по имплементации норм международного права<sup>2</sup>.

Концепция уголовного законодательства Казахстана 2014 г. еще более акцентирует внимание на максимальной реализации в новом УК общепринятых норм и принципов международного права, а также обязательств Республики, вытекающих из ратифицированных ею международных договоров<sup>3</sup>.

Задачей настоящего исследования является определение в нормах нового уголовного законодательства новелл международно-правового характера, устанавливающих ответственность за посягательства на личность. Данные нормы УК представляют особую значимость с точки зрения как конституционных основ в системе национального права, так и приоритетов международного права. Иными словами, нормы гл. 1 УК «Уголовные правонарушения против личности» выступают своеобразным индикатором в оценке степени реализации международно-правовых принципов и стандартов в новом уголовном законодательстве Казахстана.

Необходимо отметить, что нормы гл. 1 УК 1997 г. в принципе были основаны на общепринятых положениях и нормах международного права. Совершенствование и развитие уголовно-правовых норм об ответственности за посягательство на личность всегда было ориентировано, прежде всего, на приведение их в соответствие с международно-правовыми стандартами и реализацию государственных обязательств, вытекающих из международных договоров.

Важной новеллой первой главы УК 2014 г., непосредственно связанной с реализацией международно-правовых обязательств Республики Казахстан, является введение статьи об ответственности за клонирование человека (ст. 129 УК). Запрет на клонирование человека предусмотрен международными нормативными правовыми актами, ратифицированными Республикой Казахстан — Всеобщей декларацией ООН о геноме человека и правах человека, принятой 11 ноября 1997 г. Генеральной конференцией ООН по вопросам образования, науки и культуры, Декларацией ООН о клонировании человека, принятой резолюцией 59/280 Генеральной Ассамблеи от 8 марта 2005 г.<sup>4</sup> При этом, несмотря на возникшую среди ученых-юристов дискуссию по данному вопросу<sup>5</sup>, закрепление уголовной ответственности за клонирование человека в Республике Казахстан представляется вполне обоснованным и своевременным решением<sup>6</sup>.

Кроме того, анализ уголовного законодательства Республики Казахстан свидетельствует о еще одной важной тенденции, связанной с международными отношениями Республики Казахстан, — внедрении передовых международных стандартов стран романо-германской правовой семьи в систему и структуру отечественного уголовного права. Прежде всего речь идет о введении в уголовное законодательство института уголовного проступка.

Институт уголовного проступка традиционно присущ уголовному законодательству таких стран с развитой системой права, как Германия, Италия, Нидерланды, Франция и др. В уголовном праве данных государств уголовный проступок выступает аналогом характерного для казахстанской правовой системы административного правонарушения, ответственность за которое налагается в судебном порядке. Иными словами, в соответствии с правовыми стандартами большинства западноевропейских государств административно-деликтное право входит структуру уголовного права.

В главе первой УК предусмотрено 11 составов уголовных правонарушений: ст. 108 «Умышленное причинение легкого вреда здоровью»; ст. 109 «Побои»; ст. 111 «Причинение

вреда здоровью в состоянии аффекта»; ч. ч. 1, 2 ст. 114 «Неосторожное причинение вреда здоровью»; ч. 1 ст. 115 «Угроза»; ч. 1 ст. 119 «Оставление в опасности»; ч. ч. 1, 2 ст. 131 «Оскорбление».

Введение института уголовного проступка в систему национального права (уголовного права) Казахстана не являлось обязательством Республики, но стало выражением международно-правовой инициативы, направленной на принятие правовых стандартов, распространенных и успешно используемых в законодательной и правоприменительной практике ведущих стран международно-правового сообщества.

Таким образом, Республикой Казахстан взят курс на постепенный перевод административно-деликтного права в состав уголовного посредством введения и дальнейшего расширения института уголовного проступка. Полагаем, что данная тенденция в целом окажет положительное влияние на модернизацию отечественной правовой системы, оптимизирует правоприменительную практику и придаст дополнительный импульс интеграционным процессам Республики Казахстан в международных отношениях.

Одной из новелл, связанных с реализацией положений международных нормативных правовых актов, ратифицированных Республикой Казахстан, является введение в УК (в гл. 1, в частности) такого общего родового понятия, как преступная группа. Оно объединяет собой все сложные формы соучастия, как вновь введенные, так и ранее предусмотренные в УК. Речь идет о следующих видах организованных преступных формирований (или форм соучастия, по терминологии УК 1997 г.): организованная группа, преступная организация, преступное сообщество, транснациональная организованная группа, транснациональная преступная организация, транснациональное преступное сообщество, террористическая группа, экстремистская группа, банда, незаконное военизированное формирование.

В соответствии с Конвенцией ООН против транснациональной организованной преступности, принятой резолюцией 55/25 Генеральной Ассамблеи ООН от 15 ноября 2000 г.,<sup>7</sup> ратифицированной Казахстаном, и дополнительными протоколами к ней существенно расширен перечень форм и видов организованных преступных структур. В этих условиях, с одной стороны для обеспечения гармоничной имплементации конвенционных положений, с другой — в целях минимизации сложностей и ошибок при квалификации соответствующих уголовных правонарушений в УК было введено обобщающее понятие «преступная группа».

В главе 1 УК закреплено 9 составов уголовных правонарушений, предусматривающих совершение деяния в составе преступной группы как квалифицирующий или особо квалифицирующий признак уголовного правонарушения: п. 15) ч. 2 ст. 99, ч. 3 ст. 106, ч. 3 ст. 116, п. 6) ч. 3 ст. 120, п. 6) ч. 3 ст. 121, п. 1) ч. 3 ст. 125, п. 1) ч. 3 ст. 126, п. 1) ч. 4 ст. 128, ч. 3 ст. 129 УК. Такое нововведение, несмотря на определенные положительные моменты, имеет и недостатки. Главным из них является то, что общее родовое понятие «преступная группа» исключает возможность четкой дифференциации ответственности в зависимости от характера и степени общественной опасности той или иной формы соучастия (вида преступной группы). Например, степень общественной опасности простой организованной группы значительно ниже, чем у транснационального преступного сообщества. Несмотря на это, деяния, совершенные в составе столь различных по степени опасности преступных формирований, охватываются единой санкцией.

Еще одним преобразованием в новом УК, имеющим непосредственное отношение к исполнению Казахстаном международно-правовых обязательств, является усиление мер уголовно-правовой защиты несовершеннолетних. Данная тенденция связана с дальнейшей последовательной реализацией республикой обязательств, вытекающих из положений Конвенции ООН о правах ребенка, принятой резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи ООН и ратифицированной Казахстаном.

Соответствующие положения, естественно, нашли отражение в нормах гл. 1 УК. Как квалифицированный или особо квалифицированный признак состава уголовного правонарушения «совершение деяния в отношении заведомо несовершеннолетнего лица» впервые введен в следующих нормах рассматриваемой главы уголовного закона: ч. ст. 105 УК «Доведение до



самоубийства»; ч. 2 ст. 117 УК «Заражение венерической болезнью»; п. 3) ч. 2 ст. 127 «Незаконное помещение в психиатрический стационар».

Сонымен, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін елімізде үнемі жұмыстар жүргізіп отыру керек. Нәтижелі болу үшін қазақ елінің ұлттық діліне, психологиясына, ұлттық рухына және ұлттық идеяға жат көзқарастар мен діни және қылмыстық ағымдардың енуіне жол бермеу керек. Олардың пайда болу шараларын алдын ала ескерту жұмыстарын жан-жақты жүргізіп, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізу туралы заңдарды жетілдіріп керек. Әлеуметтік, этникалық және діни шиеленістерді болдырмау механизмдерінің

жаңа түрлерін және жолдарын қарастыру керек. Жастар арасындағы экстремистік және террористік бағыттағы іс-шаралардың алдын алу жұмыстарын күшейту керек.

Бәрімізге қастерлі тәуелсіздігіміздің нығаюы үшін, елімізде ұлтаралық және дінаралық татулықтың сақталуы үшін бір кісідей атсалысайық. Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз баянды болсын.

<sup>1</sup> Діни экстремизмнің көздегені не? // <http://www.top-news.kz/>

<sup>2</sup> Діни терроризм: қазіргі Қазақстан ахуалындағы түсінігі мен маңызы // обл. ғыл.-тәжіриб. конф. материалдарының жинағы 55-б.

<sup>3</sup> Терроризм дегеніміз не // <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/16463>

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/>

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы // [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)

<sup>6</sup> Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда қоғамдық институттардың рөлі арта түсетін болады // <http://www.inform.kz/kaz/article/2611529>

<sup>7</sup> Профилактика религиозного экстремизма среди молодежи // <http://www.nomad.su>

### РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает первоначальные пути профилактики религиозного экстремизма и терроризма в Республике Казахстан.

### RESUME

In this article the author examines the initial ways of preventing religious extremism and terrorism in the Republic of Kazakhstan.

УДК 343.2/7

**Тессман С. А.**, начальник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность ОВД, НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, кандидат юридических наук, доцент, подполковник полиции

### УГОЛОВНО-ПРАВОВАЯ ОХРАНА ЛИЧНОСТИ В УГОЛОВНОМ КОДЕКСЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 2014 ГОДА

*Аннотация. В работе представлен уголовно-правовой анализ главы 1 УК РК «Уголовные правонарушения против личности». Проведено сравнение УК РК 2014 г. и УК РК 1997 г. в вопросах уголовно-правового противодействия различного рода посягательствам на личность. По отдельным позициям высказана авторская точка зрения.*

*Ключевые слова: Уголовный кодекс, уголовное законодательство, уголовная ответственность, уголовные правонарушения против личности.*

В настоящее время личность — по-прежнему наиболее приоритетный объект уголовно-правовой охраны. В этой связи не случайно в новом УК РК уголовные правонарушения против личности также находятся в первой главе Особенной части. В рамках данной статьи хотелось бы акцентировать внимание на основных направлениях борьбы с различного рода посягательствами на личность с позиций нового уголовного законодательства Республики Казахстан 2014 г.

Так, в первую очередь, необходимо сказать, что в связи с закреплением в новом Кодексе категории «уголовный проступок» глава 1 называется «Уголовные правонарушения против личности» (в УК РК 1997 г. — «Преступления против личности»). Всего глава 1 УК РК 2014 г. содержит 33 статьи, включающие 76 составов правонарушений против личности (в гл. 1 УК РК 1997 г. было 34 статьи и 80 составов).

В качестве уголовных проступков в УК РК закреплены: умышленное причинение легкого вреда здоровью (ст. 108), побои (ст. 109), причинение средней тяжести вреда здоровью по неосторожности (ч. 1 ст. 114). В УК РК 1997 г. данные деяния были предусмотрены в качестве преступных, однако позже Законом РК от 9 декабря 2004 г. и Законом РК от 18 января 2011 г. они были декриминализованы и стали относиться к категории административных правонарушений. Наряду с этим, в УК РК 2014 г. впервые введена самостоятельная статья, предусматривающая уголовную ответственность за клонирование человека (ст. 129). Следует также отметить, что ни одно преступление, ранее предусмотренное в главе «Преступления против личности» УК РК 1997 г., не было декриминализовано. При этом ряд преступлений, которые УК РК 1997 г. находились в главе «Преступления против личности», в УК РК 2014 г. перенесены в новую главу «Медицинские уголовные правонарушения». К числу таковых относятся: ненадлежащее выполнение профессиональных обязанностей медицинским и фармацевтическим работниками (ст. 317), нарушение порядка проведения клинических исследований и применения новых методов и средств профилактики, диагностики, лечения и медицинской реабилитации (ст. 318), незаконное производство аборта (ст. 319), неоказание помощи больному (ст. 320). Законодатель ужесточил санкции указанных уголовно-правовых норм, повысив размеры штрафа и предусмотрев в качестве наказания лишение свободы.

Сегодня глава «Уголовные правонарушения против личности» содержит 15 составов правонарушений небольшой тяжести (20 % от всех правонарушений против личности); 19 составов — средней тяжести (25 %); 21 состав тяжких преступлений (28 %); 10 составов, относящихся к категории особо тяжких преступлений (13 %) и 11 составов, относящихся к категории уголовных проступков (14 %). Таким образом, большинство составов преступлений законодатель по характеру и степени общественной опасности отнес к категории тяжких. При этом, следует отметить, что к категории особо тяжких преступлений относится убийство (ч. ч. 1,2 ст. 99), изнасилование (ч. ч. 3, 4 ст. 120), насильственные действия сексуального характера (ч. ч. 3, 4 ст. 121), половое сношение или иные действия сексуального характера с лицом, не достигшим шестнадцатилетнего возраста (ч. 3 ст. 122), развращение малолетних (ч. 3 ст. 124), похищение человека (ч. 3 ст. 125) и торговля людьми (ч. 4 ст. 128). Что касается уголовных проступков, то в их число законодатель включил три состава, ранее исключенных из УК РК 1997 г. (ст. 108 «Умышленное причинение легкого вреда здоровью», ст. 109 «Побои», ч. 1 ст. 114 «Неосторожное причинение вреда здоровью»), а также ряд других уголовных правонарушений, которые не представляют большой общественной опасности, причинили незначительный вред и за которые наказание в виде лишения свободы в санкции статьи не предусмотрено. Максимальная мера наказания за такого рода деяния предусмотрена в виде ареста сроком до шестидесяти суток (ст. ст. 108, 111, ч. 2 ст. 114, ст. 115, ч. 1 ст. 118). Из всех правонарушений в главе «Уголовные правонарушения против личности» наименьшей степенью общественной опасности обладает деяние, предусмотренное ст. 131 «Оскорбление».

Для сравнения хотелось бы отметить, что в УК РК 1997 г. в главе «Преступления против личности» 28 составов преступлений относилось к категории преступлений небольшой тяжести (35 % от всех преступлений против личности); 24 — состава к преступлениям средней тяжести (30 %); 20 составов — к тяжким (25 %) и 8 составов — к особо тяжким преступлениям (10 %). Значительная доля преступлений, отнесенных к преступлениям небольшой тяжести, объясняется тем, что ранее ответственность за все деяния, совершаемые медицинскими, фармацевтическими работниками была предусмотрена в главе «Преступления против личности». Данные преступления, в своем большинстве, относились к преступлениям небольшой тяжести. В новом УК РК, как было сказано выше, проявилась самостоятельная глава, регламентирующая вопросы ответственности в медицинской сфере. В связи с этим количество преступлений небольшой тяжести в УК РК 2014 г. сократилось, а количество особо тяжких возросло за счет ужесточения ответственности за особо квалифицированный вид полового сношения или иных действий сексуального характера с лицом, не достигшим шестна-

дцатилетнего возраста (ч. 3 ст. 122), и особо квалифицированный вид развращения малолетних (ч. 3 ст. 124).

Проведенный анализ уголовно-правовых норм, предусмотренных в гл. 1 нового УК РК, свидетельствует также о том, что диспозиции большинства статей в сравнении с УК РК 1997 г. не претерпели существенных изменений. Таким образом, законодатель, в принципе, сохранил основные тенденции противодействия посягательствам на личность. Вместе с тем, отдельные изменения в санкции статей внесены. Так, в п. 3) ч. 2 ст. 99 УК РК «Убийство» в качестве квалифицирующего введен признак «убийство, сопряженное с захватом заложника». Ранее законодатель предусматривал отягчающим обстоятельством лишь убийство лица, заведомо для виновного находящегося в беспомощном состоянии, а равно сопряженное с похищением человека (п. «в» ч. 2 ст. 96). Полагаем, что признак «сопряженность с захватом заложника» в настоящее время, в связи с активизацией экстремистских проявлений, является вполне актуальным. В квалифицирующем признаке убийства «совершенное способом, опасным для жизни многих людей» (п. «е» ч. 2 ст. 96 УК РК 1997 г.) законодатель слово «многих» заменил на «других» (п. 6 ч. 2 ст. 99 УК РК 2014 г.), что вполне обоснованно: определение «других» предполагает одно и более лицо, а понятие «многих» является в большей степени оценочным.

В целях терминологической оптимизации текста кодекса признак «организованная группа», а также упоминания о других сложных формах соучастия по всему его тексту и, соответственно, в рассматриваемой главе, заменяются обобщающим признаком «преступная группа», под которой понимаются «организованная группа, преступная организация, преступное сообщество, транснациональная организованная группа, транснациональная преступная организация, транснациональное преступное сообщество, террористическая группа, экстремистская группа, банда, незаконное военизированное формирование» (п. 7 ч. 2 ст. 99).

В связи с участвовавшими случаями детского суицида законодатель совершенно обоснованно предусмотрел в качестве особо отягчающего обстоятельства преступления, предусмотренного ст. 105 УК РК, доведение до самоубийства несовершеннолетнего (ч. 3 ст. 105). В статью, предусматривающую ответственность за умышленное причинение тяжкого вреда здоровью, введен квалифицирующий признак «из корыстных побуждений» (п. 6 ч. 2 ст. 106), что вызвано практической потребностью его законодательного закрепления. В статью 112 УК РК, предусматривающую ответственность за причинение тяжкого вреда здоровью при превышении пределов необходимой обороны, включена самостоятельная ч. 2, которая закрепляет уголовную ответственность за причинение тяжкого вреда здоровью при превышении пределов необходимой обороны, повлекшем по неосторожности смерть потерпевшего. Криминализовано также оставление в опасности, повлекшее по неосторожности причинение тяжкого или средней тяжести вреда здоровью лицу, оставленному без помощи. Смерть двух или более лиц выступает в качестве особо квалифицирующего обстоятельства данного деяния.

В статью 128 УК РК «Торговля людьми» законодатель ввел новые квалифицирующие признаки — «в отношении лица, заведомо для виновного страдающего психическим расстройством или находящегося в беспомощном состоянии» и «с изъятием, сокрытием либо уничтожением документов, удостоверяющих личность потерпевшего». В части 3 ст. 129 УК РК «Клевета» в качестве квалифицирующих обстоятельств впервые предусмотрены тяжкие последствия. Таким образом, в подавляющем большинстве случаев совершенствование диспозиций уголовно-правовых норм, предусматривающих ответственность за посягательства на личность, выразилось во введении дополнительных квалифицирующих признаков.

Анализ санкций статей нового УК РК свидетельствует о том, что в ряде случаев законодатель ужесточил ответственность за счет: увеличения нижних сроков лишения свободы (к примеру, убийство), увеличения низшего и высшего пределов сроков лишения свободы (умышленное причинение тяжкого вреда здоровью), установления низшего и увеличения высшего предела сроков лишения свободы (истязания). Наряду с этим, в целях реализации Концепции правовой политики расширена сфера применения наказаний, не связанных с лишением свободы, в том числе путем установления штрафов по всем преступлениям неболь-



шой и средней тяжести, не связанным с причинением смерти человеку, с одновременным пересмотром санкций на предмет соразмерности наказаний общественной опасности деяний и их соответствия принципу справедливости.

Согласно Концепции проекта Уголовного кодекса Республики Казахстан требовалось усилить ответственность за преступления против половой неприкосновенности, в том числе несовершеннолетних, установить пожизненный запрет на занятие педагогических должностей и должностей, связанных с работой с детьми, для лиц, совершивших преступления сексуального характера и иные преступления в отношении несовершеннолетних, что и нашло отражение в новом УК РК (ст. ст. 120, 121, 122, 124).

Затрагивая вопрос о резерве для дальнейшего совершенствования уголовного законодательства, хотелось бы отметить, что, на наш взгляд, резерв, безусловно, есть. В каком направлении должно развиваться уголовное законодательство, какие возможные ошибки, противоречия и сложности породят новые положения в УК РК 2014 г., покажет практика применения уголовно-правовых норм. Тем не менее, можно констатировать, что положения нового УК РК в целом и в части, касающейся регламентации вопросов ответственности за уголовные правонарушения против личности, отражают реалии сегодняшнего дня, соответствуют требованиям норм международного права и служат достижению задач Уголовного кодекса.

### **Түйін**

Еңбекте Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылық» тақырыбындағы 1-тарауға қылмыстық-құқықтық талдау берілген. Түрлі сипаттағы жеке басқа қол сұғушылыққа қылмыстық-құқықтық әсер ету мәселелеріне қатысты 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне салыстырулар жүргізілген. Жекелеген позициялар бойынша автордың көзқарасы айтылған.

### **RESUME**

In the criminal law analysis is presented in Chapter 1 of the, «Offences against the person». Comparison of criminal code of Kazakhstan Republic, 2014. the criminal code 1997 г. in matters of criminal law against various types of attacks on the person. On individual positions expressed the author's point of view.

ӘОЖ 343.131.2

**Ө. А. Тұрғанов**, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі

### **СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ӘСЕРІ**

*Аннотация.* Мақалада сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария еткен тұлғалардың қатарын анықтау мен сотқа дейінгі іс жүргізудегі жариялылық қағидасының мәні зерттелген.

*Түйін сөздер:* сотқа дейінгі іс жүргізу, жариялылық, құпия, тергеуші, прокурор, қылмыстық процесс, жабық, ашық, жауаптылық, қол хат, қатысушылар.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 29-бабында қағида ретінде жариялылық бекітілген, онда: «Қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және басқа да істер бойынша, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәның немесе іске қатысатын

басқа да адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап ететін жағдайларда, соттың уәжді қаулысы бойынша жабық сот талқылауына жол беріледі. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген, тергеу судьясы шешетін шағымдар да жабық сот отырысында қаралады» — делінген.

Аталған қағидада сотқа дейінгі іс жүргізу туралы ештеңе айтылмаған, сол себепті жариялылық қағидасы бүгінгі күнде тек соттар мен сот сатыларында қолданылады.

2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет» — деп көрсеткен.

Ал Елбасымыздың 2011 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық, жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының 5-бөлімінде: «Бізді құқық қорғау жүйесін қайта құруға байланысты маңызды жұмыстар күтіп тұр. Өкінішке қарай, тиімсіз басқарудан туындаған проблемалар, құқық қорғау органдары қызметтерінің қайшылықтары, тиісті кадрлық жұмыстың жоқтығы, сондай-ақ еліміздегі құқық қорғау саласы қызметін қадағалаудағы жариялылық пен бақылаудың жоқтығы бәрімізге көрініп тұр.

Нәтиже критерийі сан жағынан емес, жұмыс сапасы жағынан белгіленсін. Ал оның индикаторы азаматтардың, заңды тұлғалардың және шетелдік азаматтардың сенімінің артуы болып табылады» — делінген.

Бүгінгі күні жариялылық қағидасының сотқа дейінгі іс жүргізуге әсері бар ма? — деген сұрақ туындайды. Аталған мәселе бойынша ғалымдар мен заңгерлер үнемі пікір таластыруда. Кейбір ғалымдар жариялылық қағидасын сотқа дейінгі іс жүргізуде жоқ деп тікелей көрсетсе<sup>1</sup>, ал кейбіреулері мүлдем қарама-қайшы пікір білдіріп, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жариялылық қағидасының орын алатынын айтқан<sup>2</sup>.

Мақалада жариялылық қағидасын қылмыстық іс жүргізудің басқа да сатыларындағыдай, сотқа дейінгі іс жүргізуде де іске асырылатынына сенімділікпен қарайтын авторлардың ой пікірлерінен шығамыз. Осыған байланыс Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (әрі қарай ҚР ҚПК) 201-бабында бекітілген ережені қарастырайық. Аталған бап, «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу» деп аталады. Осы аталудың өзі күдік тудырады, өйткені сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін, яғни жариялануға мүлдем тиым салынбаған. Ал егер мұндай рұқсат болмаса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері заңсыз жарияланады. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жариялануының рұқсат етілген (заңды) және рұқсат етілмеген (заңсыз) түрі бар деп айтуымызға толық негіз бар.

Сол себепті біздің пікірімізше 201-баптың аталуының «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін заңсыз жария етуге жол бермеу» — деп жазылуы қажет.

Қазақстан Республикасы ҚПК-тің 201-ші бабының 1-ші бөлігінде «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін» — делінген ереже бекітілген. Осы аталған ережені талқылау барысында бірқатар қарама қайшылықтар анықталды, атап айтқанда Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 201-бабының 1-ші бөлігінде көрсетілген, сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін делінген. Бірақ сол рұқсаттың қандай түрде берілетіндігі туралы ештеңе айтылмаған.

Осындай рұқсаттың іс жүргізулік түрін (жазбаша немесе ауызша) нақты анықтап алу, заңды жарияланатын сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерінің, заңсыз жарияланды деп

санауға шек қоюды елеулі түрде жеңілдетіп, осындай іс-әрекетті жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін толық қорғауына қызмет етеді — деп есептейміз.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 201-ші бабының 2-ші бөлігінде «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады» — делінген.

Аталған нормада да істегі деректерді заңсыз жария еткені үшін, қандай жауапкершілікке тартылатындығы, яғни жауапкершіліктің түрі көрсетілмеген. Біздің ойымызша осы жерде, «Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің (әрі қарай ҚР ҚК) 423-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы ескертілді» — деп көрсетілгені дұрыс болады.

Ал Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 201-бабының 2-бөлігіндегі ережеде, «тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдар» — деген түсінікпен толығымен келісуге болады. Өйткені тергеу тәжірибесінде, іс құжаттарының көшірмесін түсіру, шығыс нөмірін алу сияқты қандай да бір техникалық жұмысты орындайтын тұлғаларға немесе тергеу әрекетін өткізу барысын кездейсоқ көріп қалған адамға, алдын ала тергеу немесе анықтау деректерін жариялауға рұқсат етпеу қажеттілігі жиі туындайды (Мысалы: тінту жүргізіліп жатқан пәтерге кездейсоқ біреудің келіп қалуы).

Біздің ойымызша іс жүргізуге қатысушылармен бірге, «сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде қатысқан басқа адамдар» — деген түсініктің қатарына, тергеу, анықтау, сот және прокуратура органдарының қызметкерлері де кіргізілуі мүмкін. Өйткені кейбір тергеу бөлімдерінде, әсіресе аудандық тергеу бөлімдерінде бір бөлмеде бірнеше тергеушілер қызмет еткендіктен, қандай да бір іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеті, сол бөлмеде отыратын бірнеше тергеушілердің орынсыз қатысуларымен жүргізіледі. Бұндай жағдайда тергеу әрекетінің кімге қатысты жүргізілгені және сол тергеулік әрекетке қатысушылар туралы мәлімет, басқа да тергеушілерге белгілі болатындығы айдан анық.

Ал прокуратура қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Прокуратурасы туралы» Жарлығындағы (38-б.1-б.), «прокурор: тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалау барысында, жедел іздестіру қызметін, анықтау мен тергеу жүргізу барысындағы материалдарды, құжаттарды, қылмыстық істерді және басқа да жасалған қылмыстар туралы мәліметтерді, тергеу мен анықтау органдарынан тексеру жүргізу үшін алуға құқылы»<sup>3</sup> — деген ережеге сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысындағы құжаттар мен қылмыстық істерді кез келген уақытта тексеру жүргізу үшін алады.

Алайда, сол материалдар, құжаттар, қылмыстық істер және басқа да мәліметтердің құрамында, жариялануға жатпайтын сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері болып қалуы әбден мүмкін.

Осыған байланысты аталған қызметкерлерден сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жарияламау туралы қолхат алуға, тергеушінің немесе анықтаушының құқығы бар ма? — деген заңды сұрақ туындайды. Ал, бұл сұраққа Қазақстан Республикасы ҚПК-інде еш жауап берілмеген.

Бұл сұрақ бойынша ғалымдардың көпшілігі анықтау, тергеу, прокуратура, сот органдарының қызметкерлері, сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жариялағаны үшін қызметтік қылмыс жасады деп жауапкершілікке тартылады (қызмет бабын өрескел пайдалану, менмендік<sup>4</sup>, — деген пікір білдіреді. Ғалымдардың бұндай пікірімен біз келіспейміз. Өйткені қызметтік қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалды деп санау үшін, ауыр жағдайларға әкеліп соқтырып, үлкен залалдың келтірілуін талап ететін міндетті белгі бар. Ал Қазақстан Республикасы ҚК 423-бабы қылмыстың формальдық құрамын құрайды, яғни көрсетілген қылмыс белгілері бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін, қандай да бір залалдың келтірілуі міндетті емес.

Сотқа дейінгі іс жүргізу Қазақстан Республикасы деректерін жариялағаны үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық жауапкершілік көрсетілген ҚР ҚК-нің түсіндірмесінде (Мысалы: ҚР ҚК-нің 423-бабына берілген), сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жарияламау туралы қолхатты, анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарының қызметкерлерінен алынуға жататындығын жоққа шығармайды<sup>5</sup>.

Біздің ойымызша анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарының қызметкерлері «сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде қатысқан басқа адамдар» — деген түсінікпен қамтылып, аталған тұлғалардан сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жарияламау туралы қолхат алыну тиіс. Ал егер анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарының қызметкерлері сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жария етпеу туралы қолхат бере тура жариялаған болса, онда аталған тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке жалпы тәртіп бойынша тартылулары қажет.

Қосымша «сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде қатысқан басқа адамдар» — деген түсініктің өзі, тәжірибеде туындайтын жағдайларды толық көлемде қамти алмайды және нақтыландыруды қажет етеді. Себебі, сотқа дейінгі іс жүргізу деректері, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде «қатысқан» басқа адамдармен ғана емес, сонымен бірге онда «қатынасқан» адамдармен заңсыз жариялануы мүмкін. Оған қоса сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде қатысқан басқа адамдар қатарына, бұхаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін жатқызуға болады. Алайда бұл мәселе жеке-дара қарастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің түсіндірмесінде (Мысалы: Қазақстан Республикасы ҚК-нің 423-бабының диспозициясында), осы қарастырылып отырған қылмыстың арнайы субъектісінің тағы бір белгісіне сілтеме жасайды. Яғни, бұл қылмыстың субъектісі болып, тек сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысып, сол кезде белгілі болған деректерді жарияламау туралы заңда көрсетілген тәртіппен ескертілген тұлға ғана болады<sup>6</sup> — делінген.

Алайда, біз бұндай сілтемемен келісе алмаймыз, өйткені біздің ойымызша, жариялануға жатпайтын деректердің заңсыз жариялануы, тек «сотқа дейінгі іс жүргізу деректері» тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғана емес, сонымен қатар қылмыстық іс қозғалмай тұрып (алдын ала тексеру жүргізу барысында, яғни қылмыстық іс қозғау сатысында) немесе басқа да «іс жүргізулік әрекеттерді» жүргізу барысында орын алуы мүмкін. Себебі, қылмыстық іс бойынша, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында алдын ала жариялануды қажет етпейтін, басқа да іс жүргізу әрекеттерін орындау қажеттілігі орын алады. (Мысалы: сезіктінің немесе айыпталушының атында дүние мүлкінің бар-жоғын анықтау үшін, Әділет басқармасына немесе жинақ қорының бар-жоғын анықтау үшін банк мекемелеріне сұрау жолдау және т. б.).

Осыған байланысты қарастырылған мәселе бойынша «сотқа дейінгі іс жүргізу және өзге де іс жүргізулік әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан немесе қатынасқан басқа адамдар» — деп көрсетіп, қылмыстық жауапкершілік субъектілерінің санын көбейтуді орынды деп санаймыз.

Осы жоғарыда көрсетілген жағдайлардың негізінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 201-бабының атын өзгертіп, келесідей ережені енгізуді ұсынамыз:

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін заңсыз жария етуге жол бермеу.

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері заңсыз жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың жазбаша рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан немесе қатынасқан басқа да адамдарға өзінің жазбаша рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 423-бабында көрсетілген қылмыстық жауапкершілігін ескерте отырып, қолхат алынады».

- <sup>1</sup> Гуляев А. П. Следователь в уголовном процессе. — М., 1981. С. 46; Петрухин И. Л. Гласность судопроизводства // Конституционные основы правосудия в СССР. — М., 1981. — С. 184.
- <sup>2</sup> Добровольская Т. Н. Гласность судопроизводства в СССР // Советское государственное право. — 1983. — № 9. — С. 75; Макарова З. В. Гласность уголовного судопроизводства // Правоведение. — 1986. — № 3. — С. 91.
- <sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Прокуратурасы туралы» 21.12.1995. № 2709 Жарлығы. 33-б.
- <sup>4</sup> Уголовное право. Особенная часть: Учебн. / Под ред. Б. В. Здравомыслова. — М., 1995. — С. 444; Уголовное право. Особенная часть: Учебн. / Под ред. Проф. В. Н. Петрашова. — М., 1999. — С. 529.
- <sup>5</sup> Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. 2-е изд. / Под ред. И. Ш. Борчашвили. — Алматы, 2007. — С. 889.
- <sup>6</sup> Указ. раб. С. 888.

### РЕЗЮМЕ

В статье исследовано значение принципа гласности в досудебном производстве.

### RESUME

Studied the importance of the principle of transparency in the pre-trial proceedings.

ӘОЖ: 37.159.9

**Б. Н. Тұрғымбаева, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік бөлімінің аға оқытушы-әдіскері, полиция капитаны;**

**А. М. Дүйсембеков, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу-әдістемелік бөлімінің оқытушы-әдіскері, полиция майоры**

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ — ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ!

*Аннотация. Авторлар аталған мақалада қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін, оның қоғам өмірінің барлық саласында жеткіліксіз тұрғыда қолданылып жатқандығын қарастырады, қоғамның барлық саласында оның қолданылуына байланысты мәселелерді тілге тиек еткен.*

*Түйін сөздер: дербестік, дәреже, ұғындыру, құрбандары, рух, ардақтылар, дағдарыс, саясат, мәселе, өкілдер, қандастар.*

Елімізде мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Олай болса тіл саясатының өзі мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталуы керек. Бүгінде елімізде тіл саясатының өзекті мәселелерінің бірі — қазақ тілін Қазақстанда тұратын барлық этностардың тіліне айналдыру болып отыр. Бұл бағытта біраз шаралар атқарылып та жатыр. Дегенмен, қазақ тілі әлі де мешеу баланың күйін кешіп келеді. Бұл өз кезегінде ұлттық идеологиямыздың мемлекеттік дәрежеде дамуына кедергі келтіріп отырғандығы ақиқат. Кезінде қазақ зиялылары мемлекет дербестігі, тіл тәуелсіздігі үшін күресті. Сол жолда халықты күреске шақырды. Тіл үшін күрестің ел үшін күрес екенін ұғындыруға тырысты. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сәдуақасов, Н. Төреқұлов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Сералин, М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, М. Шоқай сынды қазақтың біртуар зиялы азаматтары қазақ елінің ұлттық болмысын отарлық езгіден сақтау жолында арпалысып, Сталиндік репрессияның құрбандарына айналды. Мұралары отқа өртеніп, өздері қуғын-сүргін көріп, атылып, асылып өлді. Міне, сол 1937 жылғы зобалаңнан кейін қазақ халқының саны да азайып, ұлттық рухының сапасы да кеми түсті. Ұлттық рухымызды асқақтатып жүрген Алаш ардақтыларының Сталиндік солақай саясаттың құрбанына айналуы қазақ ұлтының ұлт болып қалуын күмәнді күйге түсірді. Қазақтың ұлттық идеологиясының қазығын қаққан Алаш ардақтыларының миллиондап қырылуын ұлттық идеологияның кеңестік саясаттың «тұншықтыруы» деп санағанымыз жөн. Себебі, Кеңес үкіметіне қазақтың ұлт болып қалу жолындағы идеологиясы ұнаған жоқ. Қазақтың қазақ болып қалуы

жолындағы күрестің соңы немен тынарын дәлелдегісі келген кеңестік саясат қанша отарлаушылық жүргізгенімен, ұлттық болмысымыз түбегейлі жоғалды деп айта алмаймыз. Бірақ, ұлттық психологиямызды дағдарысқа ұшыратқаны рас. Соның кесірінен күні бүгінге дейін қазақтың ұлттық идеологиясы толықтай мемлекеттік сипат ала қойған жоқ. Бүгінде өшкеніміз жанып, жоғымызды түгендеп жатырмыз<sup>1</sup>.

Яғни тәуелсіздікпен бірге ұлттық санамызды да қайта жаңғыртудың мәнін түсіне бастадық. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Мемлекеттік тіл — Қазақстандағы барша халықты біріктіруші басты фактор» деп бағалауы ұлттық идеологияны қазақ тілін дамытудан бастауымыздың қажеттілігін айқындап отыр<sup>2</sup>.

Расында да, бүгінде елімізде ұлттық идеологияның босаңсып тұрғаны анық. Ғалымдар соңғы кездері Қазақстан халқын этнолингвистикалық идентификациялау (сәйкестілік) мәселесін сөз етіп келеді. Ол ұлттық идеологиямыздың ұлттық саясат негізінде сауатты жүргізілуі үшін керек. Біздің бұл ойымызбен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Руслан Жанғазының да пікірі үндесетіндігін оның мына ойынан байқаймыз: «...тілдік ахуалды белсенді түрде реттеу қажеттігі туындағанына баса назар аударғымыз келеді. Бүгінгі таңда тіл саясатын дамытуда нақты әрі жоспарлы іс-қимыл жасаудың міндеті тұр. Қажет болса, ана тіліміздің дамуын қамтамасыз ететін жаңа институттар қалыптастырып, соған сәйкес тіл саясатының заңнамасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізген жөн» Бүгінгі таңда елімізде 130-ға жуық этнос өкілдері өмір сүреді. Олардың басын қосып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік тілді дамытудың маңыздылығын терең түсініп келеді. Тіпті, осы ұйымның құзырлы органдармен бірлесіп, мемлекеттік тіл мәселесін жиі көтеріп, еліміздегі өзге этнос өкілдерін қазақ тілін үйренуге насихаттауы тіл мәселесінің өзектілігін аңғартса керек. Бұл орайда біз қазақстандық қоғамның мемлекет құраушы ұлт — қазақ ұлтының тілін, дәстүрін, тарихын мойындауының маңызды екендігіне баса назар аударғымыз келеді. Себебі, тарихи, саяси, мәдени-әлеуметтік тұрғыдан алғанда да Қазақстанда қазақ ұлтының төл бейнесі басым тұруы қажет. Себебі қандай да бір шет мемлекет өкілі Қазақстан деген мемлекет атауын естігенде, титулды ұлт қазақ ұлтын елестете алуы керек. Мәселен біз Ресей дегенде — орысты, Англия дегенде — ағылшынды, Түркия дегенде — түрікті, Франция дегенде — французды көз алдымызға елестетеміз. Ресей дегенде — орыстың тілі, Англия дегенде — ағылшынның тілі, Түркия дегенде — түріктің, Франция дегенде — француздың тілі, сол сияқты олардың әдет-ғұрыптары ойға оралады. Сол секілді Қазақстан дегенде — қазақ ұлты мен оның тілі, тарихы мен әдет-ғұрпы шетелдіктердің ойына түсуі керек. Бір өкініштісі, елімізге келіп жатқан шетелдің ресми не бейресми өкілдері болсын Қазақстанға келгенде қазақ ұлтының тілін естимін деп келгенімен, көп жағдайда жоғары билік өкілдерінен, не алқалы жиындардан орыс тілін жиірек естіп, түсінбей қалып жатқаны жасырын емес. Міне, осы орайда Қазақстан халқын этнолингвистикалық идентификациялаудың маңызы зор екенін аңғарамыз. Саясаттану ғылымдарының докторы, профессор С. Борбасовтың: «... халықты біртұтас, тастүйін мемлекеттілікті нығайтатын ұлы рухани күш — ол халықтың ортақ тілі. Мемлекеттің қандай тілде сөйлеуінің аса маңызды саяси және тағдырлық мәні бар. Сондықтан, Қазақстан тиімді саясатын іске асыруға мүдделі. Қазақстан Республикасы үшін тиімді тіл саясаты дегеніміз — елдегі саяси және этникалық тұрақтылықты сақтай отыра, қазақ тілінің толыққанды дамуына қол жеткізетін саясат» деген сөзі жоғарыда айтқан ойымызды растай түсері анық<sup>3</sup>. Осы орайда Қазақстан халқын этнолингвистикалық идентификациялаудың оңай еместігін, ол үшін барлық этнос өкілін күштеу емес, керісінше олардың осы процеске өздерінің саналы түрде келуінің маңызды екендігін ескергеніміз жөн. Бұл үшін біздің елімізде барлық жағдай жасалған десек те болады. Тәуелсіздік алған 25 жылға жуық уақыт ішінде Қазақстан өз жерін мекендейтін өзге этнос өкілдеріне тілдік немесе діни тұрғыдан қысым көрсеткен жоқ. Конституциямызда әр этностың ана тілінде сөйлеуіне құқық берілген. Алайда, әлем халықтарын мәдени тұрғыдан жаулап жатқан жаһандану дейтін саяси процесте біздің мемлекетіміздің іргесі берік болуы үшін еліміздегі барлық этнос өкілдерінің негізгі ұлт қазақ халқымен рухани-мәдени тұрғыдан

топтасуы өте маңызды. Еліміздегі өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін үйренуі — этнолингвистикалық идентификацияның негізгі көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да ұлттық идентификация дегенді өзге этнос өкілдерін күштеп топтастыру деп ұғынбағанымыз жөн. Қазақстан бір кездері тағдырдың тәлкегімен елімізге қоныс аударған миллиондаған өзге ұлт өкілдерін өзіндей көріп, барымен бөлісті. Оларды түріне, тіліне, нәсіліне қарап бөліп, кемсітпеді. Тіпті соғыс жылдарының өзінде, одан кейін де олардың этнос ретінде сақталуына жан-жақты жағдай жасады. Оларға материалдық қолдау көрсетумен қатар, жан жылуымен бөлісті, яғни моральдық-психологиялық көмек көрсетті. Бір нанды бөліп, бір шаңырақтың астында бірге тұрған өзге этнос өкілдері енді тәуелсіз мемлекет болған тұста қазақтың тіліне өз тіліндей қарауы, қазақ тілін меңгеруі — тарихи тұрғыдан әділдік болар еді.»

Сондықтан да, Қазақстанды мекендеген өзге ұлт өкілдері бүгінгі қазақ тілінің жағдайына шын алаңдап, оны үйренуге атсалысып та жатыр. Олардың кейбірі, жасыратыны жоқ, ана тілін білмейтін қандастарымызға қарағанда қазақ тілін жедел меңгеріп те алды. Елімізде қазақ тілінің өз деңгейінде қолданыс таппауы және қазақтардың біршама бөлігінің қазақ тілін білмеуі этнолингвистикалық идентификацияға зор кедергі келтіріп отыр. Бұған, әрине, 70 жыл Ресейдің боданында болғанымыз әсер етпей қойған жоқ.

<sup>1</sup> Ақиқат. — 2010. — № 12. — 62-б.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

<sup>3</sup> Қадашева Қ. Қазақ тілі. — Алматы, 2002. — 59-б.

#### РЕЗЮМЕ

Авторы статьи рассматривают вопросы статуса казахского языка как государственного, его недостаточное употребление во всех сферах общественной жизни, и проблемы, связанные с этим.

#### RESUME

The authors consider the issues of the status of Kazakh as the state language, its lack of use in all spheres of public life, and the problems associated with it.

ӘОЖ 340 (075.8)

**М. Е. Уалиев**, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛАГЕРЬЛЕР ТАРИХЫ

*Аннотация. Мақалада Қазақстан территориясында пайда болған лагерьлердің тарихы жөнінде қарастырылады.*

*Түйін сөздер: ГУЛАГ, КарЛАГ, СтепЛАГ, АЛЖИР, ОГПУ, НКВД.*

Тарих беттері қашанда жаңа парақтарға көбейіп жатыр. Алайда осы тарих беттерінің сан мыңдаған жылдар өтсе де, мәңгілік ел есінен кетпейтін зобалаң мен қиын-қыстау кездерді еске түсіретін қайғылы беттері де бар. Ол кезең (1929-1953 жж.) Қазақстанда қасіретті лагерьлер жүйесі болуымен және қазақтың көрнекті ұлт зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырауымен мәңгілік ел есінде қалмақ.

Тоталитарлық жүйені іске асыратын Ішкі Істер Халық Комиссариаты (НКВД және Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті (КГБ) кеңестері) құрылды. ОГПУ үштіктері ешбір жазықсыз адамдарға үкім шығарып, жазалау шараларын жүргізді. Олардың жүргізген жазалау шаралар түрлері — ату жазасы, жер аудару, еңбекпен түзеу лагерьлеріне қамау, КСРО-дан тыс жерлерге қудалау. Сөйтіп, жеке адам құқығы аяққа тапталып, балама пікір айтқан адам «халық жауы» қатарына жатқызылып, жазаланды. Сталиндік қуғын-сүргін —

«геноцид саясаты» осылай басталды. Сталиндік қуғын-сүргін кезеңдерін былай топтастыруға болады. Олар:

- 1-ші кезең — 1929-1933 жылдар;
- 2-ші кезең — 1937-1938 жылдар;
- 3-ші кезең — 1947-1953 жылдар.

Жазалау шараларын жүзеге асыру үшін лагерьлер жүйесі одақ бойынша да, Қазақстан бойынша да құрылды.

ГУЛАГ — еңбекпен түзеу лагерьлерінің бас басқармасы (1930-1960 жж.). ГУЛАГ-тың құрылуы Сталиннің бұйрығымен 1929 жылдан бастап жүзеге аса бастады. 1930 жылдың 25 сәуірінен бастап ОГПУ-дың № 130/63 бұйрығымен УЛАГ (Управление исправительно-трудовых лагерей) құрылды. 1930 жылдан бастап бұл атау ГУЛАГ (Главное управление исправительно-трудовых лагерей) болып өзгертілді. 1934 жылдың 10 шілдесінде Ішкі Істер жөнінен арнайы комиссариат құрылып, оның құрамына ГУЛАГ кірді. 1934 жылдың 27 қазанынан бастап барлық Ұлттық комиссариаттың еңбекпен түзеу лагерьлері ГУЛАГ-қа өтті. ГУЛАГ-тың басты мақсаты: тұтқындардың еңбек күші арқылы игерілмеген жерлерді игеру, арзан еңбек күші арқылы мемлекетке пайда әкелу. 1930-1950 жылдары ГУЛАГ тұтқындарының қатысуымен ірі өнеркәсіптік, транспорттық нысандардың құрылысы жүрді.

Қазақстанда 11 ірі лагерь (КарЛАГ, АЛЖИР, Песчаный, СтепЛАГ, Ақтөбе, ЖезқазғанЛАГ, Петропавл, Кеңгір, Өскемен, Дальный, ҚамысЛАГ), 15-ке жуық лагерьлік пункттер (Ақтөбе, Жамбыл, Ырғыз, Қазалы, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Семей, Түркістан, Орал, Шымкент, Екібастұз) құрылған болатын. Кейіннен елде 1939 жылы 21 еңбекпен түзету лагерьлері мен колониялары орналасты. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ГУЛАГ жүйесі одан әрі кеңейе түсті. Оның құрамында 56 еңбекпен түзету лагерьлері, 910 лагерь бөлімшелері, 424 еңбекпен түзету колониялары орналасты.

Сталин өлгеннен кейін ГУЛАГ-тағы тұтқындар саны 2 есе азайып, 1960 жылы ГУЛАГ жабылды.

КарЛАГ (1930-1950 жж.) 1930 жылы ұйымдастырылған. 1930 жылдың мамыр айында КСРО ХКК-ның «Қазақ еңбекпен түзету лагерін ұйымдастыру туралы» қаулысы қабылданды.

Қарағанды еңбекпен түзету лагері 1931 жылдың 19 желтоқсанында құрылды, лагерьдің орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жердегі Долинка селосы болды. Сыртқарғы Ақмола және Балқаш бөлімшелерін қосып есептегенде, КарЛАГ-тың ауқымы Францияның жер көлемімен теңеседі.

АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) (1938-1953 жж.) — әйелдерге арналған аса ірі лагерь. Алғашқыда бұл жерде «26-нүкте» деп аталатын орын болған. Соның негізінде 1938 жылы НКВД-ның Ақмола арнайы бөліміне (Қарағанды лагеріне) қарасты «Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері» пайда болды.

Песчаный лагері (ПесчаныйЛАГ) 1949 жылы 5 қазанда құрылған. Песчаный лагерінің құрамына Майқұдық, Екібастұз бөлімшелері болған. Песчаный лагеріндегі тұтқындар Қарағанды мен Екібастұз көмір кеніштерінде жұмыс істеді. Лагерь 1955 жылы 24 тамызда жабылды.

СтепЛАГ (Степной лагерь) № 4 саяси тұтқындарға арналған ГУЛАГ құрамындағы Кеңгір поселкесі, Қарағанды облысында орналасқан. 1948 жылдың 8 сәуірінен бастап Александр Чечевтің басшылығымен ашылды. 1950 жылы құрамында 9 лагерь бөлімшесі болса, 1954 жылы 6 лагерь бөлімшесі болған. СтепЛАГ лагерінің негізгі жұмысшы көзін тұтқынға түскен неміс жауынгерлері құрады. 1954 жылдың мамыр-маусым айларында СтепЛАГ-та тұтқындардың көтерілісі болды. 1956 жылдың 24 сәуірінде СтепЛАГ жабылды.

Жезқазған лагері 1940 жылы 16 сәуірде Борис Чирковтың басшылығымен құрылды. Лагерьдің негізгі мақсаты — тұтқындардың еңбегін кен өндіруде пайдалану.

Дальный лагері. КСРО ПМ бұйрығымен 1952 жылы 24 сәуірде бес мың тұтқынға жоспарланған Дальный лагері ашылды. 1952 жылы лагерьде ірі бас көтеру болды. Бұл



лагерьде болған тұтқындар Екібастұз көмір кенішінде жұмыс істеді, кірпіш, цемент зауыттары құрылысына қатысты.

1990 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «30-40 жылдар аралығында және 50 жылдар басында заңсыз қуғын-сүргіннен зардап шегіп, кейіннен ақталған азаматтарға жәрдем көрсету жөніндегі шаралар туралы» Жарлық шығарды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1993 жылы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қудалаудың құрбандарын ақтау туралы» Жарлығымен жазықсыз құрбан болғандар ісіне әділетті бағалар берілді.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история возникновения лагерей на территории Казахстана.

#### RESUME

The article discusses the history of the emergence of camps on the territory of Kazakhstan.

ӘОЖ 340 (075.8)

**Х. К. Уразбаев**, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі

#### ХАЛЫҚ ЗЕРДЕСІНДЕ ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ІРІ ТҰЛҒА ҚАЗАҚ ХАНЫ ӨЗ ТӘУКЕ

*Аннотация.* Тәуке ханның тарихтағы ең басты орны оның қазақ әдет-ғұрыптарын өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты заңдарды жинастыра келіп, билердің басын қосып «Жеті жарғы» (жеті ереже) заңын қабылдауында болып отыр. Жеті жарғыны біз тәуелсіз қазақтың бірыңғай таза ұлттық мемлекетінің алғашқы Ата Заңы деп есептейміз.

*Түйін сөздер:* жоңғар шапқыншылығы, Жәңгір хан, Қазақ хандығы, Тәуке хан, Қасым хан, «Жеті жарғы» заңы.

Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының тарихындағы аса маңызды оқиға болып табылады. Қазақ халқы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған бұл шайқаста, өз елін, жерін, халқын жоңғар–қалмақтардан сақтап қалу деген ойда болды. XVII ғасырдың аяғында Қазақ халқы мен қалмақ халқы арасындағы қарым-қатынаста жер мәселесі ерекше орын алды. Осыған орай ойрат одағы құрамынан XVII ғасырдың басында дүрбіт, хошауыт, торғауыт, шорыс рулары бөлініп шыға бастайды. Осы төрт тайпаның басын қосқан ойрат–жоңғар одағының ең жоғарғы билеушісі хұнтайжы деп аталды. Жоңғарлар, негізінде, моңғол тайпаларынан құралып «қалмақтар» деген атпен белгілі болған ойраттардың бұл одағы шамамен 1399-1408 жылдарда пайда болған<sup>1</sup>. Ойрат тайпаларының тұрақты атына айналған «жоңғар» деген сөз Шыңғыс хан әскерінің сол қанатының атауынан алынған. Бұл әскердің ойраттардан құралған сол жақ беттегі жасақтары жоңғарлар деп аталған. Қалмақ рулары XVII ғасырдың 20 жылдарында Кіші жүз жеріне қоныстанып, ноғай мен қазақ рулары қарсылығына кезігеді де, Ресей жеріне қарай ығысып Астрахань өңірін жайлайды. Тарихта бұл өзгеріс Еділ қалмақтары деп аталды. XVII ғасырдың аяғында жоңғар–қалмақтары қазақ жерлеріне кіре бастайды, олардың мақсаты — жаулап алу.

